

Г.М. АХМЕТОВА 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru

АРСЛАН КОЙЧИЕВТИҢ «БАҚСЫ МЕН ШЫҢҒЫС ХАН» РОМАНЫНДАҒЫ ПОСТКОЛОНИАЛДЫ САНА ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада қырғыз жазушысы Арслан Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романындағы отаршылдық және постотаршылдық көріністерді интерпретациялайтын фольклорлық мотивтердің поэтикалық қызметі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – романда автор қолданған фольклоризмдердің постотаршылдық белгілерді интерпретациялаудағы әдеби-эстетикалық функциясын айқындау.

Ресей империясының шоқындыру саясаты және сталиндік саяси репрессия салдары әлемге билік жүргізген Шыңғыс ханды өздерінің шығу тегімен жақын байланыстыратын халықтар арасында өзара қайшылықтарды күшейтіп, жік-жікке бөлінуіне түрткі болғаны белгілі. Отаршылдық зардабын тартқан ұрпақтар арасында өз ата-бабаларының тарихи қызметіне күмәнмен қарау немесе жоққа шығару, діні, тілі сынды ұлттық құндылықтарын бағаламауы өзінің тарихи және ұлттық бірегейлігінен саналы және бейсаналы түрде алыстауы отаршылдық саясаттың күшеюіне жол ашқан болатын. Бұл үдеріс қазіргі посткеңестік қоғамдардан да байқалады.

Сонымен қатар, аталған роман дискурсынан Кеңес Одағы кезеңінде адамдар ататегіне жалғанған қосымшаларды орыс тіліне негіздеп қолдануы мен дінді – халықтың санасын ұлайтын апиын ретінде насихаттауы сынды саясат көріністері қарастырылады. Аталған романда автор қырғыз бен қазақ халқының мәдениетіндегі қайтыс болған ата-бабаға арнап күмбезді мола тұрғызу рәсімінің ұлттық-этнографиялық ерекшелігін көрсетуге басымдық береді. Роман контекстін зерттеу барысында герменевтикалық, психологиялық, салыстырмалы-типологиялық, антропологиялық әдістер арқылы түркі халықтарының жыр-аңыздарында кездесетін рудың ілкі атасы саналған зооантропоморфты (марал, бұғы, аққу, бөрі, қыран) аң-құстардың желеп-жебеуші қызметін одан кейінгі кезеңде Көк тәңірі, әруақ культі, бақсылық өнер сынды мистикалық тылсым күш иелерінің ығыстырғаны анықталды. Мақала авторы туындыда отаршылдық және постотаршылдық белгілердің фольклоризмдер арқылы бейнелену тәсілдеріне жан-жақты назар аударады.

Кілт сөздер: қырғыз әдебиеті, Шыңғыс хан, роман, фольклоризм, постотаршылдық, дін, аңыз, миф.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ахметова Г.М. Арслан Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романындағы постколониалды сана және фольклоризмдер қолданысы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 115–129. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.48>

*Cite us correctly:

Ahmetova G.M. Arslan Koichievtin «Baqsy men Shyngys han» romanyndagy postkolonialdy sana jane folklorizmdер qoldanysy [Post-Colonial Consciousness and the use of folklorisms in the Novel “Baksy and Genghis Khan” by Arslan Koychiev] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 115–129. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.48>

Мақаланың редакцияға түскен күні 22.01.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

G.M. Akhmetova

*Junior Researcher of M.O. Auezov Institute of Literature and Art
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru*

**Post-Colonial Consciousness and the use of folklorisms
in the Novel “Baksy and Genghis Khan” by Arslan Koychiev**

Abstract. The article examines the poetic function of folklore motifs that interpret colonial and postcolonial manifestations in the novel “Baksy and Genghis Khan” by Kyrgyz writer Arslan Koychiev. The study aims to determine the literary and aesthetic function of folklorisms used by the author in interpreting postcolonial symptoms in the novel.

It is known that the consequences of the policy of Christianization of the Russian Empire and Stalin’s political repressions served as an impetus for strengthening mutual confrontation between peoples who associate their origin with Genghis Khan, who conquered vast territories. Conscious distrust or denial of the historical mission of their ancestors, underestimation of such national values as religion, language and unconscious distance from their own historical and national identity among the representatives of generations affected by colonialism contributed to the unleashing of colonial policies. A similar trend is observed in modern post-Soviet societies.

Along with this, the discourse of the said novel examines such political glimpses as the use of affixes unusual for the Kazakh language in surnames and the propaganda of comparing religion with opium in Soviet era. In the mentioned novel, the author gives the advantage of demonstrating the national and ethnographic specifics of the tradition of building burial structures with a dome for their deceased ancestors in the culture of the Kyrgyz and Kazakh peoples. By analyzing the context of the novel with hermeneutic, psychological, comparative typological, and anthropological methods, the tendency to displace the patronage function of zooanthropomorphic animals and birds (maral, deer, swan, wolf, eagle), considered the ancestors of the clan, which are found in the epics and legends of the Turkic peoples, in later periods by such owners of mystical sacred powers as Tengri, the cult of the spirit of ancestors, and the art of Baksy. The author of the article in his work comprehensively dwells on the methods of depicting colonial and postcolonial symbols in the work through folklorisms.

Keywords: Kyrgyz literature, Genghis Khan, novel, folklorism, postcolonialism, religion, legend, myth.

Г.М. Ахметова

*младший научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru*

**Постколониальное сознание и употребление фольклоризмов
в романе Арслана Койчиева «Баксы и Чингисхан»**

Аннотация. В статье рассматривается поэтическая функция фольклорных мотивов, интерпретирующих колониальные и постколониальные проявления в романе кыргызского писателя Арслана Койчиева «Баксы и Чингисхан». Цель исследования – определить литературно-эстетическую функцию фольклоризмов, использованных автором в романе при интерпретации постколониальных признаков.

Известно, что последствия политики христианизации Российской империи и сталинских политических репрессий служили толчком для усиления взаимной конфронтации между народами, связывающих свое происхождение с Чингисханом, завоевавшим огромные территории. Сознательное подозрительное отношение или отрицание исторической миссии своих предков, недооценка таких национальных ценностей, как религия, язык и бессознательное отдаление от собственной исторической и национальной уникальности

среди представителей поколений, пострадавших от колониализма, поспособствовали развязыванию колониальной политики. Подобная тенденция проявляется и в современных постсоветских социумах. Наряду с этим, в дискурсе названного романа рассматриваются такие политические проблески, как применение несвойственных казахскому языку аффиксов в фамилиях и пропаганда сравнения религии с опиумом в Советскую эпоху. В упомянутом романе автор дает преимущество демонстрации национально-этнографической специфики традиции построения могильных сооружений с куполом для своих умерших предков в культуре кыргызского и казахского народов. При изучении контекста романа герменевтическим, психологическим, сравнительно-типологическим и антропологическим методами была определена тенденция вытеснения функции покровительства зооантропоморфных зверей и птиц (марал, олень, лебедь, волк, орел), считавшихся первопредками рода, которые встречаются в былинах и легендах тюркских народов, в более поздние периоды такими обладателями мистических сакральных сил, как Тенгри, культ духа предков, искусство баксы. Автор статьи в своем труде всесторонне акцентирует внимание на приемы изображения колониальных и постколониальных символов в произведении через фольклоризмы.

Ключевые слова: кыргызская литература, Чингисхан, роман, фольклоризм, постколониализм, религия, легенда, миф.

Кіріспе

Ресей империясы қол астындағы халықтарды отарлау үшін бірқатар саясатты жүзеге асырғаны белгілі. Орыс шаруаларын қазақ даласына қоныстандырудан бастап, діни шоқындыру, аралас мектептер ашу, ең басты кезекте қазақ халқын көшпенділіктен отырықшылық салтқа бейімдеуге тырысқанын айтуымыз қажет. Кеңес өкіметінің жергілікті басқарушы өкілдері орыс емес халықтардың табиғи мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, тұрмысы, дүниетанымы қандай екендігінен бейхабар күйде іске асырғандықтан, саясат салдары халықты әртүрлі деңгейдегі зорлық-зомбылыққа ұшыратты. Отызыншы жылдардың апатты жағдайлары тарих саласымен қатар, кыргыз әдебиетінде де көрініс тапты. Кыргыз жазушысы Арслан Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романында баяндалған отарлау үдерісінің қалай жүзеге асырылғанын төмендегіше көрсетуге болады және бұл тарихи деректермен де сәйкес келеді.

1. Отарлаушылар көшпенділер арасында жүріп, өздеріне көмектесетін жергілікті халық арасынан шыққан делдалдар тауып, оларға жауапты қызметтер ұсынған (партия өкілі, хатшы, кеңесші);

2. Көшпенділерді отырықшылыққа көшіру;

3. Бай-кулақтардың малын тәркілеу, қудалау;

4. Халық оқымыстылары мен көшбасшы тұлғаларын қуғын-сүргінге ұшыратып, жер аударту. Патша үкіметі түркі тілді халықтардың тарихын, тілін, әдет-ғұрпын, халықтық салт-санасын құлдыратып, рухани құлдық тұтқынында ұстауға болады деген сенімге тоқтаған болатын. Солтүстік Африка, Үндістан, Индонезиядағы отаршыл-ұлтшыл қозғалыстардың тарихын қарастырған Б. Тернер отарлау саясатына қатысты келесідей пікір білдіреді: «Отарлаушы ел отарланушы жекелеген ұлттардың ең әуелі үш негізгі жүйесін:

1) Шариғат заңын, дінін;

2) Білім беру реформасын;

3) Салт-дәстүрін өзгертуді көздейді» [1, 87-б.]. Б. Тернер келтірген саяси отарлау мен Кеңестік отаршылдық саясат арасында ұқсас тұстар болғанын байқаймыз. Зерттеу нысанына алынған роман контекстіне талдау жасағанда отаршылдықтың осындай белгілерін кеңірек көрсетуге тырысамыз. Мақаланың мақсаты – А. Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романындағы постотаршылдық сананың көрінісін айқындайтын фольклорлық мотивтердің

трансформативті формалық ерекшеліктері мен поэтикалық құрылымының көркемдік қызметін айқындауға бағытталған.

А. Койчиев тарихи романында Кеңес үкіметі жүргізген репрессия салдары қаншалықты зорлық-зомбылыққа негізделгенін көрсету үшін «әруақ», «Көк Тәңірі», «бақсы» сынды фольклорлық атрибуттарды пайдаланған. Империя бодандығында болған кезеңде қазақтың ескі сенімдеріне қатысты ғұрыптары, тарихи тұлғалар жөнінде жазылған көне жәдігерлері, салты, ырым-жоралғылары «ескінің сарқыншағы» деген сылтаумен қазақтың әдебиетінен, рухани және өмірлік тәжірибесінен аластатылғаны мәлім. Діни сенімге байланысты сөз үлгілерін, мәтіндерді жинауға, зерттеуге тыйым салынды және бұл – рухани мәдениеттің бір бөлігін көрсететін дискурс. Роман авторы Шыңғыс ханның қазақ пен қырғыз халқының негізі қалануындағы тигізген ықпалына жіті мән беріп, Шыңғыс хан тегінің этимологиясын түркілерге жақындатады. Романда әлем билеушісін рухшыл, әруағы киелі, ұрпағына дұрыс жолды нұсқаушы саясаткер ретінде баяндайды. Автордың мұндай нарративтері зерттеушілер арасында Шыңғыс ханның шығу тегіне байланысты пікірлер белсенді қозғалатынын және бұл кейде қайшылық тудырып жататынына да сілтеме жасайды. Зерттеушілердің кейбірі ханды тұлғаны қаныпезер, қанішер, жауыз билеуші ретінде қарастырса, екінші бір тобы текті, әділетті қолбасшы деп санайды.

Отарланушылардың үштігін құраған қазақ, қырғыз, өзбек халықтары тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, отарлаушылар қалдырған зардаптан түбегейлі арылмағаны олардың әдебиеті мен мәдениетінен, тарихынан, тілдік қолданысынан байқалады. Ресей империясы жүргізген саясат, ғалымдардың зерттеуі бойынша, ел тарихындағы қатыгездікпен жүргізілген ең ауыр отарлау түріне жатады. Француз психоаналитигі Ф. Фанонның «Қара нәсіл, ақ бетперде» еңбегінде: «Отаршылдық – объективті жағдайлардың өзара байланысы ғана емес, адам санасының сол жағдайларға тікелей қатынасы» [2, 84-б.] делінген болатын. Яғни, отаршылдық зардабы – халық санасында сақталып қалатын жарақат. Отаршылдық жүйенің Орталық Азия халықтарының тарихы мен фольклорлық, этнографиялық көне жәдігерлерінің генеологиялық дамуына тигізген теріс ықпалы мен адам жадында салған жарақаттардың көркем туындыдағы көрінісін саралауда төмендегі ғылыми-теориялық еңбектер негізге алынды. Атап айтқанда, Ф. Фанонның «Қара нәсіл, ақ бетперде», Б. Тернердің «Ориентализм, постмодернизм және глобализм», А. Лумбаның «Колониализм-постколониализм», Р. Киндлердің «Сталиндік көшпенділер», А. Мұстопованың «Бұғауды бұзған қазақ даласы» сынды ғылыми монографиялары отаршылдық пен постотаршылдықтың элементтерін саралауда алғышарт ретінде алынды. Ал В. Басиловтың «Исламдағы әулиелер культі», С. Нестеровтың «Орта ғасырдағы Орталық Азияның түркі тілдес тайпаларының жылқы культі», Л. Потаповтың «Алтай шамандығы», Ш. Уәлиханов «Алтышаһарға сапар», С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы», «Ойөріс», Ш. Ыбыраевтың «Эпос әлемі», К. Матыжановтың «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры», Ж. Аймұхамбеттің «Миф. Мифология. Мифопоэтика», Р. Әлмұханованың «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар» еңбектері қазіргі қырғыз әдеби үдерісіндегі жаңа тенденцияны тереңірек қарастыру үшін құнды теориялық дереккөз бола алады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қырғыз қаламгері Арслан Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романында көрініс тапқан фольклоризмдердің поэтикалық қызметі алынды. Аталған романдағы фольклорлық мотивтер ретінде әруақпен келісімге келу, түс көру, әруақты кие тұту, бақсы сарыны, жоқтау жанры, Көк Тәңірі, Шыңғыс хан туралы тарихи, аңыздық, шежірелік деректемелердің әдеби-көркемдік амал ретіндегі функциясын айқындау үшін әдеби герменевтикалық, психологиялық, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында әдеби герменевтикалық әдіс автордың ойлау

жүйесіндегі архетип пен образдар, мистикалық сюжеттердің табиғатын ашуда немесе мәтіндегі түпкі мәнде ұлттық кодтар арқылы түсіндіруде қолданылса, ал салыстырмалы-типологиялық әдіс – фольклоризмдердің әдеби мәтінде автор қолданысындағы өзгеру стадиясы мен фольклор поэтикасы нұсқасындағы ортақ функциялық ерекшеліктерін саралауда септігін тигізді. Оқырман – автор – шығарма арасындағы байланыс деңгейін айқындауда, мистикалық кейіпкерлердің интуитивтік характерінің ерекшеліктерін суреттеуде психологиялық әдіс қолданылды. Сондай-ақ, А. Койчиевтің романындағы Кеңестік жүйенің Орталық Азия халықтарының рухани болмысына моральдық тұрғыда зиян тигізіп, мақсатты түрде ұйымдастырылған ашаршылық, репрессиялау саясатын жүзеге асыруда қазақ пен қырғыздың белді азаматтарын өз мақсатына асыра пайдалануы сынды әрекеттерін постотаршылдықтың негізгі атрибуттары ретінде көрсетуде антропологиялық әдіс іске асырылды.

Талдау мен нәтижелер

Арслан Койчиевтің «Бақсы менен Шыңғыс хан» романы тарихи шындық ізімен жазылған «Шыңғыс хан» туралы жазбалардың авторы Бақтыгерей Избасаровтың қуғында жүрген кезеңін қамтыған. Туындыда түркі даласын дүр сілкіндірген Шыңғыс хан ұрпақтарының таққа таласы және Шыңғыс хан әруағы ретінде бедерленген мистикалық бейненің қиналысы бедерленеді. Сонымен қоса, роман Мәскеуден келген Орталық комитет басшысы ретінде бейнеленген Николай Аблеуховтың қызыл папкасындағы көк дәптердің тарихынан бастау алады. Ташкентке келе салысымен жиналыс ұйымдастырған орыс хатшылары мен коммунистері кезекті жиында сөз сөйлейді. Сөз кезегі комитет басшысы Аблеуховқа берілгенде ол: «Мына бұл қолжазба (көк дәптерді меңзеп) – феодалдық дәуірдің қанішері Шыңғыс ханды мадақтаудың нақ үлгісі! Нақ үлгісі! Шыңғыс ханды жоқтау үгіті – коммунистік пропагандадағы ұлттық кемшіліктерден хабар береді. Мәселе мынада: Мұны кім жазған? Бүгінгі ең зиянды қолжазбаның көшірмесін кімдер таратып жүр?» [3, 27-б.] – соны анықтау қажет деген сыңай танытады.

Роман материалы ретінде көк дәптердегі жазбалар көркемдік тұрғыда іске асырылып, мынадай функция атқарады:

1. Компартияның саяси жүйесіне қарсы бағытталған құжаттар жиынтығы;
2. Орыс комиссариаттары үшін бүлік шығаруға таптырмас құрал (Орта Азия халықтарының ішіндегі қырғыз-қазақтың тарихын түбірімен жою үшін көк дәптердің ішіндегі қолжазбалар түрткі болады);
3. Шыңғыс ханның қазіргі ұрпағы өз тегінен ажырап, әруағын аяқ асты ететін, мансап үшін дінін, тілін, өз жақынын өлімге де қиятын буын пайда болғанын білдіретін жазбалар жиынтығын құрайды. Жалпы, роман ішіндегі роман авторы Бақтыгерей Избасаровтың басты мақсаты – Шыңғыс ханды қанішер емес, текті тұлға, мықты саясаткер, адал басқарушы екенін ұрпаққа түсіндіру. Ал өкіметтегі жандайшаптар бұл дәптердегі жазбаларды тек қорда ғана сақтаулы, оны көшіріп алған деп топшылап, жазушыны қудалауға көшеді. Отаршылдық саясаттың түпкі мақсаты да тарихи шындықты бұрмалап, саяси идеология сынынан өтетін жазбаға айналдыру, ал мына бастапқы нұсқаның көшірме нұсқалары болса, көк дәптердің иесінде болуы тиіс, соны табу алдыңғы қатардағы міндетіміз болмақ деп есептейді. Бақтыгерей Избасаровтың Шыңғыс хан туралы жазбасы дәл осы қордағы «Шыңғыснама» мазмұнымен дәлме-дәл келеді. Сондықтан оны бүлікші ретінде тұтқынға алуды көздейді. Бақтыгерей оның қанша нұсқасы болғанынан да бейхабар. Ол тек шерлі тарихты қағаз бетіне түсіреді. Ал дәптер бетіндегі нағыз шындықты бұрмалап, өзгеріске енгізуді Комитет басшысы Аблеухов қор директоры Абдуллаевқа тапсырады.

«Әлгі қолжазбаның атын қалай өзгеруге болады? Тұс-тұстан жамырады:

– «Қан ішер Шыңғыс хан!»

– «Қарғыс атқыр Шыңғыс хан!»

– «Жыртқыш туралы баян» [3, 39-б.] деген атауларды ұсынады. Санасы уланған халықтың орыстанған басшыларға бағынғаннан басқа шарасы қалмайды.

Көркем туындыда қырғыз халқының ғана емес, сондай-ақ, өзбек, қазақтың да төл тарихы мен ауыз әдебиет үлгілерін, мистикалық мотивтерінің негізгі элементтерін кездестіруге болады. Бұл мотивтер жалпы түркі халықтарына ортақ. Себебі, бұл ұқсастық пен ортақтық Орталық Азия халықтарының көпшілігінің түбі бір түркі тегінен Шыңғыс хан ұрпағынан тарағандығын меңзесе керек. Сол негізгі фольклорлық мотивтер бақсы сарыны және әруақ шақыру, ата-бабаларының рухына тағзым ету, сыйыну, оларды рух беруші дәруіш ретінде дәріптейді. Тәңіршілдік дінінің бір сипаты – бақсы(лық). А. Койчиевтің туындысында да бақсы, бақсылық ойын ұғымдары көрініс тапқан. Мұндағы бақсы образы да фольклордағы бақсы образына жақын келеді. Фольклорда бақсы өзіне белгілі жындарды шақырса, романдағы бақсы ойынында ата-баба әруағын шақырып, жанына медет тұтады. «Жыртиған көзінің қысығынан бұршақ-бұршақ жас шұбырып, жүзін жуып кетті. Барынша көмекейін созып, көкірегін жын тигендей ұрғылап, дыбыс беріп, жандалбасалап әруақты шақырды» [3, 45-б.] деп сипатталады. Себебі бақсының негізгі функциясы – болашақты болжау, ел арасында беделді билердің, хан, сұлтан, батырлардың алдағы өмірінде нендей жақсылық, жамандық күтіп тұрғанын алдын ала сезіп, оларға естірту. Бақсы сипаттары туралы фольклортанушы Ш. Ыбыраев: «Бақсы ұғымының басты белгілері бақсы ойынында шоғырланған. Іс жүзінде шаманизмге қатысты рәсімдер, ритуалдар, сөз бен іс-әрекет, музыкалық аспаптармен сүйемелдеу – осы бақсы ойыны арқылы әрі кешенді, әрі синкреттік сипатқа ие» [4, 191-б.] деп көрсетеді. Роман желісінде Шыңғыс хан әруағы өз ұрпағына төніп тұрған жамандықтарды алдын ала ескертеді. Оның әруағы ұрпағына түрлі жағдаятта жолығып, дәруіштік қызмет атқарып, дұрыс бағытқа нұсқайтын бағыттаушы қызметін атқарады. Шығармадағы саяси өктем идеологияның шырмауына іліккен өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының дінге деген теріс көзқарасы, әруақты аяқасты етіп, ібіліске балауы, діни жоралғыларды сандырақ апиын деп есептеуі кеңесшіл-атеистік түсінік қазіргі кезде де кездесетінін аңғартады. Осы ұғымдардың қосындысы табыну мотивіне ұласады. Адамзат танымында көк пен жердің иесі жаратушыға, Көк Тәңірге, әулие-әмбиелер мен батыр бабалар әруағына, т.б. киелі тылсым күшке сыйыну мен сенудің бірнеше жолдары бар. Адамдар табыну мотиві арқылы діни ұғымның ақиқатын танып, оның күдіретті күшіне деген сенімін тереңдете түседі. Оған өзі де, өзгені де сендіреді, тоқтау салуға үндейді. Түркі әлемінің төріндегі тақта отырған хандар болсын, жауға шауып, елін-жерін қорғаған батырлар болсын, Көк Тәңірінің, ата-әруақтың күшіне сеніп, жауға қарсы аттанған. Соның бір кепілі ретінде 1731 жылы қазақ басына төнген тарихи оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» шайқасында ержүрек батыр Қаракерей Қабанбайдың «Абылайлап» ұран тастап, «Әруақ, әруақ» деп арқасы қозып, қалмақ ханын жекпе-жек аяқтаста жеңіп шығуын атауға болады. Дәл осыған ұқсас мотив, яғни пірден, әруақтан жәрдем сұрау «Барақ батыр» жырында да орын алады.

Бір Аллаға жылармын,

Пірден медет сұрармын.

Сыбан болсаң, бола бер,

Мен де саған құмармын.

Көп сөйлем, қалмағым,

Басыңды жерге тығармын.

Абырой берсе Құдайым,

Ит қалмақ, сенің басыңды

Қанжығама тағармын [5, 46-б.]. Батырлардың әруақ шақыру тәсілі роман ішіндегі Елбасар хан мен Өзбек ханның шайқасында да кездеседі. Бірақ бұл жерде әруақ шақыру

дәстүрі басқаша кейіпте баяндалады. Әруақты бақсы шақырады. Бақсы Шыңғыс хан әруағының тапталғанына, әруақтың құдіретін сезінбеген ұрпақтың арсыздығына налиды. Романдағы бақсы рух, жігер беруші ата-баба әруағынан хандарға мінәжат қылуын, әруақтардан оларды қолдауын тілейді. Яғни, әруақтар әлемін елемейтін ұрпақтың есіне әруақты еске салушы басты тұлға-елес ретінде суреттелген.

Ата-баба әруағына арқа сүйеу, медет тілеу дәстүрінің белсенді дамуы ислам діні қалыптасқанға дейінгі кезеңді қамтиды. Әруақты қастерлеу, құрметтеу қазіргі түркі халықтарының дәстүрінде де кездесетіні белгілі. Қазіргі кезеңдегі тәуіп, емші, көріпкелдердің кекірік атып, көзіне Қызыр ие көрініп, медет тілейтін тәжірибесі бар екені мәлім. Бүгінгі бақсылардың қызметі дінге қарама-қайшы, яғни жындармен қатынасқа түсу әрекеті ислам дініне жат әрекет ретінде баланып жатады. Расында да қазіргі адамзат түсінігі бойынша, тылсым күш иелеріне сенім – дін жолына қарама-қайшы құбылыс. Имамдардың құран аяттары арқылы дем салып емдеу әдісі кең таралған және ол маңызды қолданысқа ие болып есептеледі. Бұл дегеніміз – Құран сүрелерінің қасиетімен де әруақты разы етуге болатынын меңзейді. Себебі, бүгінгінің ұрпағы жалғыз Жаратушы мен оның жаратылысына сенеді. Хақтың салып берген түзу жолын таңдайды. Осы туралы фольклортанушы В.Н. Басилов: «Бақсылық – бүгінгі күнге дейін барлық түркі халықтарының дәстүрінде толық көрініс бермесе де, ұлтшыл халықтардың дәстүрінде өмір сүріп жатқаны хақ» [6, 93-б.] деп жазады. Жауға шапқан батырлар әрекетіндегі арқасы қозып, әруақ шақыруы – нағыз ұлтшылдық пен рухшылдықтың көрінісі. Ал романдағы хандардың рух шақырып, атойлағаны дұрыс болғанымен, өз ұрпағына қарсы әруақ шақырып кескілескені әруаққа қиянат еткенімен тең кейіпте көрініс береді.

Жорықта Елбасар хан қаза тауып, оны жоқтаған жалғыз адам Өзбек ханға: «Көк Тәңір төбеңнен ұрсын! Атамыз Шыңғыс хан әруағына тапсырдым!» – деп өзінің Шыңғыс ұрпағынан екенін білдіреді. Сондай-ақ, қазіргі түркі халықтарының қолданысындағы «Тәңірі жар болсын!», «Тәңір жарылқасын!», «Көк соққыр!» сынды қарғыс-алғыс мәндегі сөздерінің шығу-тегі шаман дәуірінен жалғасып, бүгінге дейін өмір сүріп жатқандығын айғақтайды. Осы жердегі Көк тәңір ұғымына қатысты орыс ғалымы Л.П. Потапов: «Көк Тәңірге табыну – көшпелі ақсүйектерге және оның қаған басқарған билеушілеріне тән болды, себебі, қағанның билігі Тәңірі берген сый деп қабылданды. Шыңғыс хан тұқымы да «Аспан» (Көк Тәңірі) құдіретіне сенген» [7, 271-б.] деп жазады. Сонымен қатар, Аспан құдайы (Көк Тәңір) ежелгі түркілердің, олардың билеушілерінің өмірін басқаратын құдірет күш ретінде қарастырылды. Олардың жаумен айқасында қарсыласын жеңуіне Көк Тәңірінің қосқан үлесі басым болды деп саналған. Бұл атақты «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» ескерткіштерінен айқын көрінеді. Одан кейін «Қорқыт ата» кітабында белсенді сипат алса, эпостық шығармаларда «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» тарихи жырларында «жаратқан ие», «күдай», «пір-әулие» атауларына ауысқандығын байқауға болады. Қорқыт ата исламға дейінгі дәуірде өмір сүргендігі үшін тәңіршілдік дінді ұстанды дейтін көзқарастар кездеседі. Тәңір діні түркі халықтарының ішіндегі қазақтарда таза күйінде сақталмай, ислам дінінің жоралғыларына ұласады. «Алла» және «Тәңір» ұғымдары балама мағынада қолданылады.

Ғалым-ағартушы Ш. Уәлиханов «Көк Тәңір» (Аспан) ұғымының шығу тегіне қатысты: «Аспан – шамандықтағы ең құдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк Тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» – көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы. Сондай-ақ, даланың алыс түкпірлерінде, мысалы, қазақ ордасында «Көке-Тәңірі» – деген атау әлі кездеседі. Қырғыздардағы «Көке-Тәңірі» атауы құдіретті күшке тағзым ретінде немесе адам қабілетінің қалауы есебінде көтеріңкі лепте айтылады» [8, 97-б.] деген анықтама береді. Жазушы А. Койчиевтің шығармасында тәңірлікке де, атеистік ілімге де, исламға да құлшылық жасайтын қоғам бейнесін көреміз. Барлық сатыдан өткен ұрпақ соңында ислам

дінінің ақиқи біліміне мойынсұнады. Тәңірлік дін қалыптастырған табиғат құбылыстарына (от, су, күн, тау-тас т.б.) деген сенімді ислам діні Жаратушыға ғана нақты сенім идеясымен алмастырды. Романдағы шоқындыру, атеизмді насихаттайтын тұстарын жазушы әдейі кіріктірсе керек. Түркі даласының басынан өткен қиын-қыстау заманның салдары қазіргі кезде де жоқ емес екенін аңғартады. Десе де, алдыңғы буын бұл сынаулардан, орыстың ойранынан аман-есен бас көтеріп, тәуелсіз, ешкімге мойынсұнбайтын түркі халықтарының заңды жалғасы болды. Қаламгер мұндай дәстүр жалғастығын үзіп алмауды келешек ұрпаққа аманаттап, қалыптасқан ізгі буын ізімен жүруге жөн сілтейді.

Жалпы Көк тәңірі мен Шыңғыс хан әруағына сыйыну үрдісі романда баса көрсетілген. Ш. Уәлихановтың «Әруақтар немесе онгондар – өлген ата-бабалардың рухы» атты зерттеуінде «О дүниедегі адамның хал-ахуалы оған қатысты жерлегендегі немесе жерлегеннен кейінгі рәсімдердің дұрыс атқарылуына байланысты болады делінген. Егер өлгеннен кейінгі рәсімдер дұрыс атқарылса, оның рухы шат болып, туған-туысын, ұрпағына шапағатын тигізіп, желеп-жебейді. Ал егер олай болмаған жағдайда наразы болады» [8, 91-б.] деп көрсетеді. «Бақсы мен Шыңғыс хан» туындысында да Шыңғыс хан әруағы өз ұрпағын қарғап-сілейді. Өз тұқымына балта шауып, Жошы тұқымын түбірімен жойып, Елбасар ханның басын алған Өзбек ханға: «Қара басың жұтқыр, неге мұнша өшіктің? Өз қанымнан өніп шығып, өзіме қайта өшіктің бе? Өзектен шыққан өрт болдың, Тәңірім өзі жалғаған тұқымды өсір деп едім ғой» [3, 78-б.] деп ашуға булығыады. Қарсы алдында жалған дүниенің қызығы үшін арпалысқа түсіп жатқан бақытсыз ұрпағының тайталасын көріп мұңаяды.

Шығармада Шыңғыс хан әруағы төмендегі негізгі төрт кейіпкерге көрініп, олармен тілдеседі. Олар:

1) Бақтыгерей Избасаров; 2) Наубайханашы; 3) Аблеухов; 4) Жошының ізгі ұрпағы Сайшы ұл. Бірақ төртеуі де оны Шыңғыс ханның әруағы екенін сезбейді. Ең алғаш Жүніс ханның күмбезіне барып, сол жерде Бақтыгерей Избасаровтың көзіне бейтаныс ретінде көрінеді. Сөйтеді де қолжазба жазылған екі дәптерінің бірі – біреудің қолында екенін (Мәскеуден Шыңғыс хан туралы жазбаларды таратушыларды қудалауға келген жолдас Аблеуховтың), екінші дәптері – әжетханада шашылып жатқандығын айтады. Бақтыгерейге артынан іздеу салып жүргендер барын жеткізіп, күмбез маңынан тез із суытып кетіп қалуға үгіттейді. Жолда кетіп бара жатып шайханашының шәйін ішем деп кідірме, сәл кідіре қалғанның өзінде басың дауға қалады деп тағы да ескертеді бейтаныс. Бақтыгерей бейтаныстың айтқанын екі етпей орындайды. Осы тұста Шыңғыс хан бейнесі бақсы кейпіне ауысқандай сезіледі. Себебі, бақсылар ғана алдағы болатын жағдайларды алдын-ала сезіп, жамандық боларын байқаса, адамды сол қауіптен сақтандыруға тырысады. Әруақтың Бақтыгереймен жолыққан тұстағы функциясы тура жол көрсетіп, жөн сілтеуші феноменге айналған. Десе де, осы бір жәйт Ш. Уәлихановтың мына бір сөзін ойға оралтады. «Ұлылар мен мықтылар өлгеннен соң да құдіретті, әруақты, ал ұсақ-түйек күйкі тіршіліктің сүйе де, күйе де білмейтін пенделері өлгеннен соң да рухсыз, әрекетсіз қалады-мыс. Шыңғыс хан өлгеннен соң да құдайдай құдіретті, ел табынатын әруақты болған деседі» [7, 90-б.]. Төре тұқымынан шыққан ағартушының пайымы біз талдап отырған Шыңғыс хан образына сәйкес келеді. Расында да, роман контексіне сәйкес, қадір тұтуға лайықты Шыңғыс хан әруағы тәні өлгенімен, жаны әрқашан өз ұрпағын, оны дәріптеушілерді желеп-жебеп жүреді. Осы әруақ терминінің шығуына байланысты ғалым С. Қондыбай төрт түрлі анықтама келтіреді.

1) «Әруақ – өлген адамның жаны немесе адам жанының өлгеннен кейінгі тіршілік ету формасы;

2) Әруақ – халықтық демонологиядағы «тірі өлік» (мертвец) және «жын-пері» (рух, бұл жерде «рух» сөзі позитивистік мифтанудағы арнайы категориялық термин;

3) Әруақ – өлген ата-баба рухы, «ата-баба культі» деген сенім-нанымдық, ғұрыптық комплексі де осы түсінікпен сабақтасып жатыр;

4) Әруақ – өз алдына жеке, дербес «өмір сүретін», адамға, оның жаны мен тәніне тікелей қатысы жоқ, көзге көрінбейтін тіршілік формасы» [9, 33-б.]. Романдағы Шыңғыс хан әруағының көрінісі анықтаманың үшінші түріне жақын келеді. Сондай-ақ, роман ішінде Үгедей қайтыс болғанда айтылатын фольклорлық жанр – жоқтау да кездеседі. Жоқтау – аза тұту ғұрпының ең негізгі атрибуты және көне түрі. Ол қайтыс болған адамның орны толмас қазасын өлең жолдарымен әйгілейтін архаикалық ғұрып болып саналады.

«Аспандап ұшқан ақ сұңқар,
Алтын белбеу үзілді.
Айға азуын қайраған,

Арыстаным тұтылды» [3, 153-б.]. Мұнда автор Үгедей образын сұңқар, арыстанға балау арқылы кейіптеген. «Өлген адамды құс бейнесінде суреттеу – тұрақты формула. Бұл жерде мәселе құс туралы емес (сұңқар, лашын, аққу дегендей) әңгіме адам жанының ұшып кетуі жөніндегі мифологиялық түсінікте» [10, 38-б.]. Жоқтау көбіне ел арасында туған-туыстың, жақын ағайынның қайтыс болған кезінде орындалатын ұлттық фольклорлық жанр түрі. Сонымен қоса, ерте кезде елді аузына қаратқан адуынды би-шешендер, батырлар, қағандар өмірден озғанда жоқтау үздіксіз айтылған. Жоқтау жанрының ең үздік көрінісі «Алып Ер Тоңғаны жоқтау» жырынан белгілі. Роман ішіндегі Үгедейдің өліміне байланысты айтылған жоқтау сарыны осы Ер Тоңғаны жоқтау сарынына ұқсас өрілген.

Алып Ер Тоңға өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар.
Замана сәтін түзетті,
Ұрысы құрды тұзақты,
Бектер бегін аздырды,

Қалай қашып құтылар [11, 8-б.]?! – деген жолдарда да ел басына күн туғанда жауға қарсы шырықпай, шабатын ерді жоқтау сарыны романдағы асыл ердің текті тұяғы, ақсүйек билеуші Үгедейді жоқтау, іздеу, оның адамдық қасиеттеріне үнілу, мұңаю сарынымен үндеседі. Жоқтаулардың мазмұны батыр, билеушілер халқының саяси өмірінде үлкен орын алғанын аңғартады. Сонымен қоса, жоқтау айтылғанда қайтыс болған адамның тек жақсы қасиеттері ретімен баяндалады. Ал осы жоқтаудағы мадақтау рәсімі – түркі халықтарының фольклорында кездесетін «марқұм жайлы жаман сөз айтуға болмайды» деген тыйым негізінде қалыптасқандығын байқау қиын емес. Жоқтау – әруақтармен, марқұмның рухымен тілдесудің бірден бір жолы саналады.

Шыңғыс хан әруағына куә болған екінші кейіпкер – наубайханашы. Оны Алтай базарынан көреді. Базардағылардың көбі өздерінің атеистік көзқарас ұстанатынын, коммунизм заңдарына бағынатындығын айтып, «дін – аң сезімінің апиыны», «ел Ленинді ешқашан ұмытпайды» деп ұрандайды. Тарихи тұлға әруағы азғындаған қоғамдағы осындай адамдар әрекетіне қарап, «бәрің бір айғырдың құлынысыңдар!» деп айтады да, ғайып болады. Атеизм – діни наным-сенімді жоққа шығару. Қарапайым халықтың дінге сенбеуі Кеңес өкіметінің отарына айналғандығын білдіреді. Дін туралы В.И. Ленин: «Өмір бойы біреуге мұқтаж болып, жалғыздықпен жаншылған қара халықты езгілеудің бір түрі» немесе «дін – халықтың басын айналдыратын апиын» деп насихаттайды. Атеистік көзқарас халықтың түйсігін материалистік бағытта улауға көшеді. Мұнымен түркі жұртының діни дәстүрі мен салтын, ділін, ойлау жүйесін рухани тоқырауға ұшыратты. Яғни, Орталық Азия даласында бір дінді екінші бір дінмен алмастыру үдерісі жүріп жатты. Жалпы сенім атаулыны жоққа шығару, яғни атеистік көзқарас арқылы бір дінді екінші дінмен ауыстыру халықты сенім құндылығынан айыруды білдіреді.

Бақтыгерей Избасаровтың жоғалған дәптерлерінің бір бөлігі әруақ жеткізгендей базар әжетханасынан табылады. Құрт сатып алуға барған жазушы оны сол жерде ұмыт қалдырып, қария сол дәптерге құрт орап жұртқа таратады. Осыны көріп тұрған әруақ құрт сататын қарияға жолда кездесіп, дәптердің қалған бөлігіне құрт оратып сатып алады. Әжетханадан табылған дәптерлер дерегін Хайруллаев та естіп, қарияны сұрауға алады. Қария құрттың қалғанын, дәптердің жарты бөлігіне орап бейтаныс кісіге сатқандығын айтады. Ақшасын қайтарымыз береміз, бірақ оның берген ақшасы – газет болып шықты деп қайран қалады. Дәл осы тұстан бастап, Шыңғыс хан әруағы көзбояушы, шайтан деп есептеліп, адамдар одан қаймыға бастайды. Әруақтың тылсым күш иесі мен құдіретін түсінбеген орыс хатшылары да аң-таң күй кешеді. Романның осы тұсында А. Койчиев мистикалық мотивті ұтымды пайдаланған. Әруақ арқылы азғын адамдардың санасының құрдымға кетіп жатқанына сын көзбен қарап, оларды дұрыс жолға бағыттағысы келеді. Бірақ бодан болған, тегіне балта шабылған бұратана халық мұны керісінше, іріткі салушы деп жазғырады. Шыңғыс хан бейнесін әртүрлі кейіпте өзгерте отырып, онымен байланысқа түскен адамдардың көзімен «Беті бақшиған, көзі жымсық, көк ала жұқа сақалды, жұқа мұртты, ұзын етек боз шапан, басында ақ орамалы бар бейтаныс» деп сипаттайды. Бірақ Бақтыгерей Избасаровтың көзімен бұл Қызыр иеге, қыдыр дарытушы, жебеуші дәруіш дәрежесінде көрініс табады. Аталған фольклоризмдер арқылы автордың түпкі мақсаты мен мәтін қабаттарының ашылмаған құпиясын герменевтикалық әдіс негізінде тәпсірлеуге болады. Жазушы қазіргі кезеңде ата-баба әруағы ұғымына посткеңестік қоғам өкілдерінің қалай құрмет көрсететіні жайында ойландырғысы келеді.

Көркем туындыдағы отаршылдық көрінісі ретінде Шыңғыс тұқымы Тұғырылшыны (Аблеуховты) шоқындырған кулактар ісі көзге оғаш көрінеді. Исус Христостың жолына түсіріп, шоқындырудың барлық рәсімдерін толық орындаған адамның көзіне оның әруағы көрінуі тиіс екен. Бірақ түркі ұрпағы Тұғырылшының көзіне өз ата-бабасы Шыңғыстың әруағы көрінеді. Ата-ата деп аталаған шоқынұшының көзіне кулактар Исус көрініп жатыр деп ойлайды. Бірақ бұл ұрпағының шоқынып, оң іс жасамай жатқандығына ызаланған Шыңғыс хан әруағы еді. Исашылдыққа бой ұсынған Тұғырылшыны көріп, көкке бір көтеріліп, бір түсіп, самғайды да жоқ болады. «Иван Алексеевич» болып қалған Тұғырылшы міне осылай Шыңғыс ұрпағының атына дақ түсіріп, ата-тегін отарлаушының тегімен араластырып жібереді.

Тарихшы Ғ. Батырханов «Шоқындыру саясатының шырғалаңдары» атты мақаласында Ресей үкіметінің қазақтарды христиан дініне кіргізу, шоқындыру саясатының негізгі үш белгісін жүйелеп ұсынады.

«1) Ең алдымен қазақтардың үлгі тұтар азаматтарын (би-шешендерін) шоқындыруды көздеген, себебі, би-шешендердің негізгі функциясы – үгіт-насихат жүргізу болған. Қарапайым халық қашанда аталы сөзге тоқтап, аузы адуынды би-шешендердің кеңесіне құлақ түрген;

2) Қазаққа арақ ішкізуді үйретуді мақсат еткен. Олар өздігінен ішпейді. Сондықтан оларды орыс қызына үйлендіру керек. Сосын орыс қыздар оларға шарап жасаудың жолдарын үйретіп, әрі ішкізуді де машықтандырады деп түсінген;

3) Қазақша қойылған қазақ есімін орыс есімдеріне өзгерту» [12, 37-38-б.]. Үшінші белгісі «Бақсы мен Шыңғыс хан» романында да кездеседі. Мәселен, Тұғыр «Сенің христианша атың – Иван. Бұдан кейін Иван Алексеевичсің! – деді поп. Өтінішім бар еді, князь! Өзіңіз жақсы білетіндей, Жошы хан балдарының ішінен «Абылайұлы» ұранын көтеріп жүреміз ілгеріден. Ыңғайын тауып, үлкен атамның атын тегімнің бір жеріне қосуға бола ма? – деп сұрады.

– Абулай-Ухов болуыңызбен! – деді поп» [3, 250-б.], – Иван Алексеевич Абулай-Ухов! Шыңғыс хан әруағы «Абулай» атынан айырылып қалмай, ең болмағанда «Абулай-Ухов»

атағын қосып алғанына қанағат етеді. Дәл осындай орыс атауларын пайдалану қазақ қоғамында қазір де кең өріс алған. Тіпті есімдерін қысқартып атау қалыпты дағдыға айналған. Мұның өзі орыстың шоқындыру саясатынан қалған із екенін байқатады.

Шоқындыру тәсілі алғаш рет Еуропа тарихында тәжірибеден өтіп, тарихта қалған саяси күш болып есептеледі [13, 108-б.]. Ресей декабристерінің көбі Ресейді мекен еткен этностар орыстануы керек деп шешеді. Сөйтіп түркі даласындағы түрлі ұлт өкілдерін күштеп орыстандырып, оған көнбегендердің көзін жойып отырды.

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы «Ресей империясының шет аймақтағы бұратана халықтарды тұтас шоқындырып орыстандыру жайындағы жүргізген миссионерлік саясаты қыры мол көп салалы, жоспары өте күрделі, мейлінше кертартпа мемлекеттік дәстүрді саясат болатын» [13, 107-б.] деп атап өтеді. Осы зерттеуге сүйене отырып, отаршылдық саясат түрлерін төмендегідей көрсетуге болады.

1. Орыстандыру;
2. Араб жазуын орыс жазуына ауыстыру;
3. Келімсектерді басқа ұлт жеріне мейлінше мол орналастыру;
4. Қырым жерін қырым татарларынан тазарту;
5. Кавказ өлкесін мұсылмандардан тазарту;
6. Орта Азия мен Қазақстанды шикізат көзіне айналдыру;
7. Аралас мектептерді көбейту;
8. Орыс тілін ресми түрде айтылмаса да, мемлекеттік тілге айналдыру;
9. Ұсақ ұлттарды ассимиляциялап жұтып жіберу;
10. Бүкіл ұлттарды бір халыққа, яғни орыстанған кеңес халқына айналдыру.

Романдағы келесі фольклорлық атрибут – торы айғыр. Бақтыгерей жылқыны атасына Жаратушының берген сыйы деп біледі. Туыс-туғандары төре тұқымынан болғандығы үшін тұтас ату жазасына кесіліп, өзі Ташкентке бас сауғалап құтылады. Содан бері Ташкентте тыныш өмір сүріп жатады, бұл жерден де жазушыға КГБ-ның адамдары іздеу салып, қудалауға ұшырайды. Бақтыгерей үй қамақта отырып, бұрынғы еркіндігін аңсайды, соғыс кезеңінде неміс қолына түсіп, ары қарай өзі де неміс болып шайқасқа түскен кездерін есіне алады. Қуғында болғаны туралы ешкімге ашылып айтпаған, тек кейде ғана мұның мұңлы өмірінің сырын сұрайтындарға ғана айтады. Базаршылардың ортасында отырып, бір колхоз болып немістер қолына түскен кездерге тән естелігімен де бөліседі. Жазушының ойына бірде торы айғырдың жау қолында кеткені түсті. Осы тұста төменде романның торы айғырға қатысты бөлігінің қысқаша мазмұнын көрсетуімізге тура келеді.

Бір күні атасы Избасардың текті торы айғыры большевиктің айғырын тістелеп тастайды. Тырнақ астынан кір іздеген орыс өкілі Избасарға келіп мұны баяндайды. Избасар айғырға қызыл шүберек байлағаны үшін тістеуі мүмкін екенін жеткізеді. Сонда орыс торы айғырдың қызыл жалауға өштескенін, бұған басқа шара қолданатынын айтып қайтып кетеді. Уақыт оздырмай, қызыл хатшылар, милиция қоса келеді. Избасар бұл өткендегі большевиктің ісінің салдары екенін түсінеді. Торы айғырды жығып беруін сұрайды шенді кісі. Избасар ашуға булықпай, жағымды сөздерімен арбағысы келсе де, кәмпескелеушілер оңайлықпен көнбейді. Қылқұйрықтыдан ырымдап, баптап келген жалғыз айғырым еді, осыған тиіспей-ақ қойыңдар, – деп тағы жалынғандай болады. Қарияның торы айғырды қылқұйрық деп ерекшеленуінің өзі жылқының этнос санасындағы ұлттық аргументтің негізгі ажырамас бөлігі екендігін көрсетеді. Ақыры келісімге келмей, торы айғырды алып кетеді. Шығарманың осы бір тұсындағы Избасар бейнесі ата салтын ұстанған қазақ бейнесі іспетті сезіледі. Торы айғырдың артынан Избасардың өзін де төре тұқымынан шыққан, оның үстіне большевикке қарсы сөз айтты деп, он бес жылға Сібірге айдауға жіберді. Сол уақытта Бақтыгерейге Избасар Ташкентке қашпаса оны да төре тұқымының қалдығы деп қыспаққа алуы мүмкін деп

ескертеді. Қарияның сөзіне құлақ асып, Бақтыгерей Ташкентке бассауғалап кетеді. Уақыт өте келе, жазушы сол атасы ілінген орыс шенеуніктерінің құрығына ілінеді.

А. Койчиев жылқыға қатысты оқиғаны Батыгерей (қазақ-қырғыздың) текті ортадан шыққанын меңзеу үшін қолданғаны аңғарылады. Торы айғырынан айырылып, он бес жыл айдауға жіберілген. Избасардың тегін жалғайтын ұрпағының да құрып кетпеуінен секем алып, Бақтыгерейге Ташкентке қаш, құрыққа ілінбе деп кеңес беруінің өзі жылқы мінезділігінен хабар береді. Алдын ала секем алғанын білдіреді. Бақтыгерейдің төмендегі торы айғырын жоқтауы Махамбеттің жауынгерлік сарынын еске түсіреді.

«Арқадан қуғын келгенде,
Адастырып кете алмай
Ала бұлт айланса,
Аралатып жете алмай.
Желкелеп қуғын келгенде,
Жебедей сызып кете алмай
Желігімен бұзылып,

Жел жарыса жете алмай» [3, 271-б.]! Мұнда мәтін ішіндегі мәтін авторы (Б. Избасаров) жылқыны аса қатты құрметтеп, жан серігі санағанын түсінуге болады. Бақтыгерей сипаттауындағы торы айғыр образы ердің сенімді серігі ретінде қарастырылып, батырлық эпостардағы Алпамыстың Байшұбарынан, Қобыландының Тайбурылынан, Қаракерей Қабанбайдың Қубасынан кем түспейтіндігі сенімді берілген. Зерттеушілер түркілердің ішінде қазақтың торы жылқылары өте жуас болған деседі. Романдағы Избасардың жылқысының түсін торы деп алуының символикалық мағынасы бар. Орыстың басқынына көнген момын қазақтың қолындағы барынан айырылған сәттегі халін салыстырмалы түрде суреттеу үшін торы ат бейнесі алынған. Осы тұста жазушы қолданысындағы фольклор мен романның кейіпкері – ат культінің (торы айғыр) қызметі трансформацияға ұшырамай, өзгеріссіз қолданғаны айқындалды. Екі саладағы ортақ қызметі ұқсас, яғни, иесін қиынқыстау кезеңде жау қолына түсуден сақтандырып, жаяу қалдырмау болатын. Торы айғыр да Бақтыгерейді итжеккенге айдалудан аман алып қалып, кәмпеске құрығына ілініп кеткен асыл тұқымды жылқының ұрпағы еді. Фольклор мен әдебиет дискурсында көркемдік тәсілдің негізі саналатын ортақ ұлттық кодтардың, образдардың қызметтік типологиялық айырмашылықтары салыстырыла талданды.

Торы айғыр қазақтағы сөтер (айрықша қастерлі) малдың қатарына жатады. Қазақ сөтер малды ырыс пен берекенің нышаны деп есептейді. Сөтер малды біреуге сатуға болмайды, сатар болса береке мен ризық несібесін қоса алып кетеді деген ырым түсінігі роман арқылы беріледі. Жылқыға қатысты қанатты сөздер мен ырым-тыйым дәстүрі түркілердің көбіне ортақ. Себебі, ежелгі сақ, ғұн тайпалары ат үстінде жеңісті қолдан бермей, Түркі қағанаты мен Шыңғыс хан әулеті де жылқының үстінде отырып талай рет билікке қол жеткізіп, әлем билеушісі атанған. Жылқыны культ санап, оған табыну ежелгі діни көзқарастардан бастау алады. Жылқыны культ ретінде қарастырып, тотемдік киелі жануарлардың қатарына қосқан С.П. Нестеровтың: «Жылқыны культ санау оның бойындағы тазалығы мен тылсым күштің әсеріне байланысты туындаған болуы керек» [14, 117-б.] деп пікір білдірген. Ежелгі сақ, ғұн тайпаларының жылқыны иесімен бірге жерлеуінің өзіндік себептері болған. Физикалық әлемдегі иесі о дүниеде де жылқысымен кездеседі, ол жақта да иесін желеп-жебейді деген сенім қалыптасқан. Сондай-ақ, қазақ дүниетанымында жылқыға қатысты «жылқы алдағы болатын жамандықты бірінші болып сезетін үркек жануар, сезімталдығының арқасында өз иесін көптеген жамандықтан сақтандыра алады» деген түсініктің бар екені белгілі. Жылқының қорғаушылық қасиетіне қарай Орталық Азия халықтары салт-санасында тотем санап, оның қырағылығына үлкен мән берген. Жылқы түлігі осындай көшпелілер тарихында көпсалалы функцияны атқарып, культтік дәрежеге көтерілген. «Мифтік дәуірден бастау

алатын культтік ұғымдар діни кезеңде және қазіргі қоғам өмірінде де жалғасын тапқанын байқауға болады» [15, 117-б.].

Көркем туындыдағы Шыңғыс хан әруағына кездескен бас кейіпкер қатарында Аблеухов (кезінде кулактар шоқындырған Тұғырылшы) ерекше орын алады. А. Койчиевтің тұғырылшыны Аблеуховке айналдыруы – романның шиеленіскен тұсы. Аблеуховты шоқындырып, кейін оны Орталық Азиядағы белді қалалардың бірі Өзбекстанға делегация өкілі ретінде аттандырады. Су ішіп, өз құдығына түкірген Аблеухов өз тегінен тараған төре тұқымына, өзінің, Шыңғыс ұрпағының жалғасы Бақтыгерейді қуғынға ұшыратып, түбіне жеткен сатқын болады [16, 110-б.]. Аблеуховты орыс кулактары шоқындырғанда Шыңғыс хан әруағы шыр-пыр болып ұшты да жүреді. Дегенмен, Аблеухов қазақы тегінен біржола айырылмайды. Шоқындырған сәтте попқа өтініш айтып, Абылай-Ухов намын да қосып алады, кейін Аблеуховқа өзгертеді. Бұл жердегі негізгі мәселе – кейіпкердің тегін өзгертіп, Ресей мүддесіне қызмет ететін тұлға ретінде билікке көтеру. Аблеухов – жас кезінен Ресейдің мүддесі үшін күресіп келе жатқан қаһарман. Әруақ тағы бір сәтте Аблеуховты әңгімеге тартады. Екі күндік сапарда қымбат қонақ үйге тұрақтаған Аблеухов бейтанысты көріп таңқалады. Әруақ он жасынан бастап оны танитынын, кулактардың Аблеуховты шоқындырған сәттегі іс-әрекетін түгел жіпке тізгендей баяндайды. Содан кейін екеуара диалогында Шыңғыс әруағы орыстанған ұрпағына ренішін астармен жеткізеді.

«Ташкенттікісің бе? Ташкенге келерімді қайдан білдің? – деді айыптыдай дауысын бәсең шығарып.

– Қаласам – бұл жердікімін, қаласам – ол жақтыкімін, – деді бейтаныс.

– Қай жақтыкі?

– Москванды көп араладым.

– Москвада не жұмыс істеп жүр екен деген жаман ой кетті.

– Орыстың арасында тұқымым көп, – деді бейтаныс.

– Кешіресіз, немене? Аблеухов басын шұлғыды.

– Москваның жартысы. Бірақ өздері білмейді. Жиналған елдің тең жартысы менің тұқымым» [3, 292-б.]. Бірақ әруақтың нені меңзеген түсінбеген ұрпағы ой үстінде қалды. Көзі көрген адамның сипаттауындағы әруақ бейнесі мұны да бір шолып, бұрыс жолды таңдағанын меңзеді.

Патшалық Ресей мен тоталитарлық режим қырғыз-қазақты өте шеберлікпен, айлакерлікпен өз тегінен, тілінен ажыратуды көздеп, орыстандыру саясатын үздіксіз жүргізді. Саяси идеологиялық жүйені партия, жекелей құрылған ұйымдар көмегімен басқарып, ондағы партия-ұйым мүшелерін, орталық комитет басшыларын қазақтан, басқа да ұлт өкілдерінің құрамынан сайлау арқылы, өз ұлтына, өз тегінен шыққан азаматтарды қарсы пайдаланды. «Отарлау саясаты тек мемлекет пен субъект арасындағы қатынастармен шектелмейді, ол сондай-ақ, нәсілдік және мәдени қатынастардың идеологиялық мақсатқа орай өзгеріске ұшырап отыруы» [17, 181-б.].

Бақтыгерей Избасаровтың шығармадағы Сайшы ұл мен Теңіз-Бұқа арасындағы соңғы шайқасты суреттеген үшінші көк дәптері де құрыққа ілінеді. Сол дәптермен бірге жазушы да түрмеге түседі. Бірақ Шыңғыс әруағының сырын ешкімге ашпай, ол туралы қолжазба тарихының тереңін қазбалай береді. Алайда өкпеден өткен суықтан қазаға ұшырайды. Шығарманың соңғы түйіні Сайшы Ұлға Шыңғыс әруағы бағыт беріп, дұшпанына қарсы тұрар рух дарытып, Жошының соңғы тұқымының бірнешеуін аман алып қалуымен аяқталады. Бақтыгерейден кейінгі жағымды кейіпкерлер қатарына Сайшы Ұлды жатқызуға болады. Үгедей бабасы қайтыс болып, соның қорымына бара жатып алғаш рет Шыңғыс хан әруағына кездеседі. Болып жатқан ру аралас талас-тартыстың өз тұқымын қырып-жойып жатқанына күңіреніп, қасиетті әруақтан дұрыс жолды нұсқауын сұрайды. Жошы ұрпағы Теңіз-Бұқаның тұзағына түсіп, қырылуына аз қалған сәтте әруақ келіп Сайшы ұлға дұрыс

таңдау жасаттырып, тәуекелге жауынан бірінші қадам басуына дем береді. Әруақ киесі қолдап, тегі қасиетті ұрпақтың соғыс майданындағы соңғы қадамы да жеңіспен тәмамдалады. Сайшы ұл Шыңғыс хан бабасының әруағының артынан еріп, Шыңғыс әулетінің абыройын сақтап, ұрпағын ажалдан арашалап, Абылай бабасының айлакерлігіне салып, ақылдылығының арқасында жеңіске жетеді. Шыңғыс тұқымының арасындағы айқас осылай аяқталып, аты аңызға айналған тарихи тұлға тағы да тектілігін сақтап қалады деген көзқарас беріледі. Әруағының киелі, тәні өлгенімен, жаны, рухы өлмегендігін жеткізуге тырысады.

Романда автор Шыңғыс ханның шығу тегі түркілерге жақын деген пікірді алға тартады. Оның Шыңғыс хан образын бедерлеуі арқылы қаныпезер, қанішер деп бағалаған біржақты Кеңестік көзқарастан арашалап алғаны айқындалды. Бұл жөнінде қазақтың классик жазушысы М. Мағауин: «Орыс-совет идеологиясы келіп жеткенге дейін бүкіл қазақ Шыңғыс ханды құрметтеген, қадір тұтқан. Ал, одан кейін ұлттық санамыздан айырылғанымыз соншалық, орыстың идеологиясымен, орыс болғанда үлкен ғылымның идеологиясымен ғана емес, мектеп оқулығы дәрежесіндегі шовинистік идеологиямен әбден миымыз уланған. Шыңғыс ханды әлі күнге дейін жауыз деп жүргендер сол санадан әлі арыла алмай отыр» [18, 181-б.] деп пікір білдірген болатын. Бұл пікір Орталық Азия аймағымен қатар әлемде Шыңғыс ханға қатысты әртүрлі дискурстар мен көзқарастар барын көрсетеді.

Қорытынды

Арслан Койчиев әлемді билеген Шыңғыс хан, Бақтыгерей Ізбасаров, Сайшы ұл кейіпкерлерінің характерін суреттеу арқылы отарлаушы Ресей патшалығына қарсы тұра алған қырғыз-қазақ халықтарының типтенген көркем жаңа образын тудырды. Көркем туынды желісінде көшпелі сюжеттер, мистикалық, фольклорлық мотивтер жоғары деңгейде қолданыс тапқан. Сонымен қоса, романның сюжеттік желісінен қазіргі қырғыз-қазақ түркі тілдес халықтардың фольклорындағы дәстүр жақындықтары, олардың ұзақ дәуірлер бойындағы этникалық-мәдени байланысы, тығыз қарым-қатынас жасайтыны, тұрмыс-тіршілігі мен тілдік ерекшеліктерінің кейбір ұқсастықтары айқындалды.

Шығармадағы негізгі кейіпкердің серіктесі ретінде танылған әруақ феномені – отарланған халықтың жай-күйін суреттеу үшін фольклордан мақсатты түрде алынған көркем бейне. Жазушы қоғамдағы қайшылықтарға, әділетсіздікке, тексіз ұрпақтың көбеюіне тарихи тұлғаны әруақ образына құбылту арқылы сыни көзбен қарап, қазіргі ұрпаққа жігер мен бірлік, рухани қолдау қажет екендігін меңзейді. Әруақ ұғымын қазіргі болмыстың, өмірдің шындығын бейнелеуде ұтымды тәсіл, архетип ретінде кескінделген.

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: постотаршылдық эстетика және әдеби байланыстар» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Frantz F. Black skin, White masks. – London: Pluto Press, 1986. – 232 p.
2. Bryan T. Orientalism, Postmodernism and Globalism. – London and New York: Routledge, 1994. – 244 p.
3. Койчиев А. Бакшы менен Чыңғыс хан. – Бишкек: Турар, 2016. – 484 б.
4. Ыбыраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 254 б.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 60: Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.
6. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. – М.: Мысль, 1970. – 144 с.
7. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Ленинград: Наука, 1991. – 319 с.
8. Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 304 б.
9. Қондыбай С. Әруақ хақында // Рух-мирас. – 2004. – №1. – Б. 33–45.

10. Матыжанов К. Отбасы ғұрып фольклоры: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2004. – 50 б.
11. Қашқари М. Алып Ер Тоңға // Аңыз адам. – 2014. – №23. – Б. 8.
12. Батырханов Ғ. Шоқындыру саясатының шырғалаңдары // Қазақ тарихы. – 2006. – №4. – Б. 37–38.
13. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 128 б.
14. Нестеров С.П. Конь в культурах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. – Новосибирск: Наука, 1990. – 143 с.
15. Dilek I. Kült Kavramı ve Söz Kültü // Bilig. – 2020. – № 95. – S. 47–77.
16. Ахметова Г.М. С. Раевтың «Жанжаза» және Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» романдарындағы фольклорлық ұғымдар қызметі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 101–112.
17. Ania L. Colonialism-Postcolonialism. – London: Routledge, 1998. – 263 p.
18. Мағауин М. Шыңғыс ханның ең негізгі мұрагері – қазақ халқы // Аңыз адам. – 2017. – №1. – Б. 20.

REFERENCES

1. Frantz F. Black skin, White masks. – London: Pluto Press, 1986. – 232 p.
2. Bryan T. Orientalism, Postmodernism and Globalism. – London and New York: Routledge, 1994. – 244 p.
3. Koichiev A. Bakshy menen Shyngys han [Bakshy and Genghis Khan]. – Bishkek: Turar, 2016. – 484 b. [in Kyrgyz]
4. Ybyraev Sh. Qazaqtyn guruptyq folklorı [Kazakh ritual folklore]. – Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndagy EEU, 2021. – 254 b. [in Kazakh]
5. Babalar sozi: Juztomdyq [The word of the ancestors: A hundred volumes]. – Astana: Foliant, 2010. T. 60: Tarihi jyrlar. – 448 b. [in Kazakh]
6. Basilov V.N. Kult sviatyh v islame [The Cult of Saints in Islam]. – M.: Mysl, 1970. – 144 s. [in Russian]
7. Potapov L.P. Altaiskiy shamanizm [Altai shamanism]. – Leningrad: Nauka, 1991. – 319 s. [in Russian]
8. Ualihanov Sh. Altysaharga sapar [Trip to Altysahar]. – Almaty: Atamura, 2006. – 304 b. [in Kazakh]
9. Qondybai S. Aruaq haqynda [About ghosts] // Ruh-miras. – 2004. – №1. – Б. 33–45. [in Kazakh]
10. Matyjanov K. Otbası guryp folklorı [Family ritual folklore]: filol. ғыл. dok. ... avtoref. – Almaty, 2004. – 50 b. [in Kazakh]
11. Qashqari M. Alyp Er Tonga [Giant Er Tonga] // Anyz adam. – 2014. – № 23. – Б. 8. [in Kazakh]
12. Batyrhanov G. Shoqyndyru saiasatynyn shyrgalandary [The Challenges of Baptism Policy] // Qazaq tarihy. – 2006. – №4. – Б. 37–38. [in Kazakh]
13. Myrzahmetov M. Qazaq qalai orystandyryldy [How was Kazakh Russified?]. – Almaty: Atamura – Qazaqstan, 1993. – 128 b. (in Kazakh)
14. Nesterov S.P. Kon v kultah tiurkoiazыchnyh plemen Centralnoi Azii v epohu srednevekovia [The horse in the cults of the Turkic-speaking tribes of Central Asia in the Middle Ages]. – Novosibirsk: Nauka, 1990. – 143 s. [in Russian]
15. Dilek I. Kult Kavramy ve Soz Kultu [The Concept of Cult and the Cult of Words] // Bilig. – 2020. – № 95. – S. 47–77. [in Turkish]
16. Ahmetova G.M. S. Raevtyn «Janjaza» jane T. Nurmaganbetovtyn «Perishtelerdin olimi» romandaryndagy folklorlyq ugymdar qyzmeti [The Function of Folklore Concepts in the Novels of S.Raev «Zhanzhaza» and T.Nurmaganbetov «Death of Angels»] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – Б. 101–112. [in Kazakh]
17. Ania L. Colonialism-Postcolonialism. – London: Routledge, 1998. – 263 p.
18. Magauin M. Shyngys hannyn eñ negizgi murageri – qazaq halqy [The primary heir of Genghis Khan is the Kazakh people] // Anyz adam. – 2017. – №1. – Б. 20. [in Kazakh]